The rapid proliferation of algorithmic solutions in sports analytics has created a fragmented landscape where the "state-of-the-art" (SOTA) is often context-dependent. The central pattern is not that one model family dominates all tasks, but that performance depends on the match between data structure, sport context, and decision objective. In that sense, they ask which technique is best suited to a particular analytical problem, under particular data conditions, and with what trade-off in transparency, generalizability, and practical usability. Recent review work by Pietraszewski et al. (2025) supports exactly this interpretation: across sports, deep learning tends to achieve higher pooled performance than classical machine learning, yet its advantages are uneven and strongly dependent on input modality, methodological rigor, and the realism of the evaluation setting.

**Classical ML vs. Deep Learning:** A recurring theme is that Artificial Neural Networks (ANNs) do not consistently outperform classical methods in every domain (Bunker & Susnjak, 2022; Roumani, 2023). In match outcome prediction using tabular historical data, classical classifiers like Random Forest (RF) and XGBoost frequently match or exceed the accuracy of Multi-Layer Perceptrons (MLP), particularly when datasets are structured and relatively small (Markopoulou, 2023; Roumani, 2023). Roumani (2023) demonstrated that RF was superior in identifying Super Bowl winners, while Markopoulou (2023) found XGBoost to be the most effective for minimizing error in player scoring statistics. However, the balance of power shifts decisively toward Deep Learning when the task involves unstructured high-dimensional inputs, such as raw video or high-frequency tracking data (Liu et al., 2023; Pietraszewski et al., 2025). Meta-analyses indicate a pooled classification accuracy of 92.3% for DL architectures compared to 78.6% for classical ML across movement-intensive tasks (Pietraszewski et al., 2025). This performative gap is most pronounced in action recognition, where CNNs achieve near-perfect classification (Chatterjee et al., 2021; Hu, 2023).

**Table 2. Methodological Suitability Matrix Based on Data and Task Type**

Data Modality	Leading Technique	Primary Strength	Accuracy Potential
Tabular/Historical	XGBoost / Random Forest	Interpretability & Handling Imbalance	~65% - 75% (Match Outcome)
Spatio-Temporal	GNN / TITAN	Preserves Relational Context	~85% - 90% (Tactical Analysis)

<b>Video/Visual</b>	CNN-LSTM / Swin Transformer	Automatic Feature Extraction	>95%(Action Recognition)
<b>Wearable/Sensor</b>	AS-LSTM / RNN	Models Sequential Fatigue	~90% (Injury Risk)

**Tabular vs. Spatio-Temporal:** While traditional models treat player variables as independent vectors, team sports are inherently relational. This insight marks the primary limitation of classical ML. Standard vector representations- which rely on keypoints or role assignments - often discard the local neighborhood information critical for tactical understanding (Xenopoulos and Silva, 2021). The emergence of GNN has bridged this gap. Xenopoulos and Silva (2021) demonstrated that representing a game state as a fully-connected graph reduces test set loss by 9% in the NFL and 20% in esports. By treating athletes as nodes and interactions as edges, GNNs capture the micro-coordination that "box score" models miss. This trend culminates in architectures like TITAN, which utilizes dual-stream encoders to jointly model temporal event sequences and player interaction graphs, capturing both short-term shifts and long-range game dynamics (Zhou & Zhu, 2025).

**Team vs. Individual Sports:** Team sports exhibit higher model performance (89.7%) compared to individual sports (81.2%), likely due to the richer data environments and the multi-agent nature of the feedback loops (Pietraszewski et al., 2025). In contrast, individual sports focus heavily on pose estimation and biomechanics. For instance, computer vision models achieve up to 98.6% accuracy in tennis shot classification (Chatterjee et al., 2021), whereas match outcome prediction in baseball remains notoriously difficult using statistics alone, often failing to significantly outperform betting market odds (Valero, 2016).




Figure 5. Historical Accuracy Trends for Match Outcome Prediction

### What Works Best?

In summary, XGBoost and Random Forest remain the gold standard for match forecasting where data is tabular and experts require transparency (Markopoulou, 2023; Roumani, 2023). CNN-LSTM hybrids and GNNs are unrivaled for tactical modeling and action recognition, provided high-fidelity tracking data is available (Xenopoulos & Silva, 2021; Pietraszewski et al.,

2025). The future of the field belongs to hybrid architectures like TITAN and TacticAI, which merge the representational power of deep learning with domain-specific knowledge to provide insights that are not only accurate but also actionable and trustworthy (Wang et al., 2024; Zhou & Zhu, 2025).

**Conclusion.** The comprehensive synthesis of literature confirms that sports has undergone a permanent metamorphosis: it is no longer just a game of intuition, but a high-stakes "game of data." This review has demonstrated that Artificial Intelligence and Neural Networks have moved from the periphery of sports science to its very center, providing the computational "eyes" needed to decode the complexities of elite performance.

Two primary conclusions emerge from analysis:

- While classical ML methods remain superior for small, tabular datasets, deep learning architectures are unrivaled in processing high-dimensional spatio-temporal data, consistently achieving recognition accuracies (Pietraszewski et al., 2025; Dong et al., 2023).
- The emergence of GNNs represents a paradigm shift. By treating teams as dynamic, interconnected graphs rather than independent vectors, AI can finally capture the coordinative nuances that define winning tactics (Xenopoulos & Silva, 2021; Wang et al., 2024).

In the final analysis, AI is not intended to replace the human element of coaching but to augment it, stripping away cognitive biases and replacing them with objective, probabilistic insights. By addressing the current research gap we can ensure that the next generation of sports analytics is not only more accurate but also more transparent, ethical, and actionable. This review provides the fundamental evidence-based foundation for that development, charting a course toward a truly intelligent future for professional sports.

### References:

1. Apostolou, K., & Tjortjis, C. (2019). Sports Analytics algorithms for performance prediction. *2019 10th International Conference on Information, Intelligence, Systems and Applications (IISA)* (pp. 1–4). IEEE.
2. Aydemir, A. E. (2021). A data driven performance evaluation framework for sports analytics. *Doctoral dissertation, Middle East Technical University.*
3. Beal, R., Norman, T. J., & Ramchurn, S. D. (2019). Artificial intelligence for team sports: A survey. *The Knowledge Engineering Review, 34*, e28.
4. Bunker, R., & Susnjak, T. (2022). The application of machine learning techniques for predicting match results in team sport: A review. *Artificial Intelligence Review, 55*(8), 5995–6040.
5. Chatterjee, R., Roy, S., Islam, S. H., & Samanta, D. (2021). An AI approach to pose-based sports activity classification. *In Proceedings of the 8th International Conference on Signal Processing and Integrated Networks (SPIN)* (pp. 156–161).
6. Dong, J. S., Jiang, K., Liu, Z., Dong, C., Hou, Z., Hundal, R. S., Guo, J., & Lin, Y. (2023). Sports analytics using probabilistic model checking and deep learning. *In Proceedings of the 27th International Conference on Engineering of Complex Computer Systems (ICECCS)* (pp. 7–11).
7. Hu, W. (2023). The application of artificial intelligence and big data technology in basketball sports training. *ICST Transactions on Scalable Information Systems, 10*, e2.

8. Halder, R. K., Uddin, M. N., Uddin, M. A., Aryal, S., & Khraisat, A. (2024). Enhancing K-nearest neighbor algorithm: A comprehensive review and performance analysis of modifications. *Journal of Big Data*, 11, 9.
9. Kahn, J. (2003). Neural network prediction of NFL football games. *World Wide Web Electronic Publication*, 9, 15.
10. Kumar, G. S. (2023). Injury Prediction in Sports using Artificial Intelligence Applications: A Brief Review. *Journal of Robotics and Control (JRC)*, 4(1), 16–26.
11. Markopoulou, C. (2023). *Sports Analytics: Predicting player performance using machine learning*. Master's thesis, International Hellenic University.
12. Muñoz-Macho, A. A., Domínguez-Morales, M. J., & Sevillano-Ramos, J. L. (2024). Performance and healthcare analysis in elite sports teams using artificial intelligence: A scoping review. *Frontiers in Sports and Active Living*, 6, 1383723.
13. Pietraszewski, P., Terbalyan, A., Rocznio, R., Maszczyk, A., Ornowski, K., Manilewska, D., Kuliś, S., Zajac, A., & Gołaś, A. (2025). The Role of Artificial Intelligence in Sports Analytics: A Systematic Review and Meta-Analysis of Performance Trends. *Applied Sciences*, 15(13), 7254.
14. Plakias, S., Kokkotis, C., Moustakidis, S., Tsatalas, T., Papalexi, M., Kasioura, C., et al. (2024). Can artificial intelligence revolutionize soccer tactical analysis? *Trends in Sport Sciences*, 31(3), 151–163.
15. Purucker, M. C. (1996). Neural network quarterbacking. *IEEE Potentials*, 15(3), 9–15.
16. Roumani, Y. F. (2023). Sports analytics in the NFL: Classifying the winner of the Super Bowl. *Annals of Operations Research*, 325(1), 715–730.
17. Shen, H. (2021). Prediction simulation of sports injury based on embedded system and neural network. *Microprocessors and Microsystems*, 82, 103900.
18. Van Eetvelde, H., Mendonça, L. D., Ley, C., Seil, R., & Tischer, T. (2021). Machine learning methods in sport injury prediction and prevention: a systematic review. *Journal of Experimental Orthopaedics*, 8(1), 27.
19. Wang, Z., Veličković, P., & Tuyls, K. (2024). TacticAI: An AI assistant for football tactics. *Nature Communications*, 15, 45965.
20. Xenopoulos, P., & Silva, C. T. (2021). Valuing player actions in Counter-Strike: Global Offensive. *arXiv preprint arXiv:2207.14124*.
21. Zhang, Q., Zhang, X., Hu, H., Li, C., Lin, Y., & Ma, R. (2022). Sports match prediction model for training and exercise using attention-based LSTM network. *Digital Communications and Networks*, 8(4), 508–515.
22. Zhao, T., Zhu, G., Dubey, H. V., & Flaherty, P. (2025). Interpretable decision support systems in professional sports. *Annals of Operations Research*, 335, 114–130.
23. Zhou, S., & Zhu, M. (2025). Enhancing Athlete Performance Using Deep Learning Techniques in Sports Analytics. *Information Fusion*, 123, 103241.

## ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАР - ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ - PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL SCIENCES

ӘОЖ 378.147

**Садуакасова Жансая Токтаровна**

Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,  
Қазақстан-Американдық еркін университеті  
(Өскемен қ., Қазақстан)

**Ишанов Пірмағамбет Зулпхарұлы**

педагогика ғылымдарының кандидаты, PhD докторы  
«Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі»  
кафедрасының профессоры  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті,  
(Қарағанды қ., Қазақстан)

### БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа:** мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін дамытудың теориялық негіздері мен практикалық жолдары қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың креативті және сыни ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігімен байланысты. Зияткерлік әлеует тұлғаның жаңа білімді игеру, оны тәжірибеде қолдану және шығармашылық шешім қабылдау қабілеті ретінде талданады. Зерттеуде белсенді оқыту технологиялары, интерактивті әдістер, проблемалық оқыту, жобалық әдіс және цифрлық білім беру ресурстарының мүмкіндіктері қарастырылған. Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту үшін пәнаралық байланыстарды күшейту, практикалық дағдыларды қалыптастыру, рефлексивті ойлауды дамыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту маңызды екені анықталды.

**Кілт сөздер:** зияткерлік әлеует, бастауыш сынып мұғалімі, кәсіби құзыреттілік, проблемалық оқыту, инновациялық технологиялар.

Бастауыш білім беру баланың жеке басының қалыптасуында шешуші рөл атқаратын жалпы білім берудің бүкіл жүйесінің негізін құрайды. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби шеберлік пен зияткерлік құзыреттіліктің ерекше қажеттілігі ұсынылады. Мұғалімнің жоғары зияткерлік деңгейі қазіргі заманның шындығына дайын шығармашылық және өзін-өзі дамытатын тұлғаны тәрбиелеудің кепілі.

Бастауыш сыныптарда одан әрі жұмыс істеу мақсатында жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімділігі елеулі сұрақтар туғызады. Оқу процесінде оқытудың ескірген әдістері басым, ал инновациялық технологиялардың әлеуеті іске асырылмаған күйінде қалып отыр.

Зерттеу теориялық негіздерді ашуға және бастауыш сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал ететін практикалық тәсілдерді

талдауға көмектеседі. Зерттеуде теориялық талдау, салыстырмалы талдау, сұхбат, сауалнама, педагогикалық эксперимент, математикалық статистика әдістері қолданылды.

Зияткерлік әлеует - бұл адамның оқу, ақпаратты өңдеу, логикалық ойлау және шығармашылық мәселелерді шешу қабілетін анықтайтын ақыл-ой қасиеттерінің жиынтығы. Зияткерлік әлеуетті құрайтын негізгі элементтерге мыналар жатады: ойлау, есте сақтау, қабылдау, зейін және қиял. Сонымен қатар, шығармашылық мотивация, қызығушылық және интеллектуалды дамуға ұмтылу сияқты эмоционалды-еркін компоненттер де бар.

Р.С. Немов, А.В. Петровский және т.б сияқты психологтардың зерттеулерінде зияткерлік қабілеттердің дамуына білім беру процесінің ықпалы жан-жақты қарастырылған. Зияткерлік әлеует – табиғи қабілеттер мен білім, дағдылардың синтезі, ол үздіксіз дамуға және жетілдіруге бағытталған.[1]

Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесі педагогика ғылымында маңызды бағыттардың бірі. Педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби қалыптасуы оның зияткерлік, тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты.

Зерттеуші **В.А. Слостенин** мұғалімнің кәсіби қалыптасуы педагогикалық мәдениет пен кәсіби құзыреттіліктің дамуына негізделетінін айқын көрсетеді. Ғалымның пікіріне сүйенсек, педагогтің кәсіби қызметі оның танымдық белсенділігі, шығармашылық қабілеті және зияткерлік мүмкіндіктерімен анықталады. Сондықтан болашақ мұғалімдерді даярлау барысында олардың зияткерлік қабілеттерін дамыту білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. [2]

Педагог тұлғасының кәсіби дамуын **А.К. Маркова** зерттеген. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі когнитивтік, тұлғалық және рефлексивтік компоненттердің өзара байланысы арқылы қалыптасатынын көрсеткен. Автор болашақ педагогтердің зияткерлік әлеуетін дамыту үшін оқу процесінде шығармашылық тапсырмалар, проблемалық жағдайлар және рефлексия кеңінен қолданылуы қажет екенін жеткізеді. [3]

Сонымен қатар, **Л.С. Выготскийдің** теориясында тұлғаның зияткерлік дамуы әлеуметтік орта мен оқыту үдерісінің өзара байланысы арқылы жүзеге асатыны дәлелденген. Ғалымның «жақын даму аймағы» теориясы білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін дамытуда оқытудың жетекші рөл атқаратынын айқындайды. [4]

Ал педагогикалық инновациялар мәселесін зерттеген **Л.С. Подымова** білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану болашақ педагогтердің кәсіби және зияткерлік дамуына ықпал ететінін атайды.[5]

### Кесте – 1. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне қатысты ғалымдардың көзқарастары

№	Автор	Зерттеу бағыты	Негізгі идеясы	Қорытынды
1	Р.С. Немов, А.В. Петровский, Б.Г. Ананьев	Интеллектуалдық қабілеттердің дамуы	Интеллектуалдық қабілеттердің қалыптасуына білім беру процесі мен әлеуметтік орта маңызды әсер етеді	Зияткерлік әлеует табиғи қабілеттер мен меңгерілген білім, білік, дағдылардың синтезі ретінде қарастырылады
2	В.А. Слостенин	Педагогтің кәсіби қалыптасуы	Мұғалімнің кәсіби дамуы педагогикалық мәдениет	Болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық

			пен кәсіби құзыреттілікке негізделеді	қабілеттерін дамыту педагогикалық даярлаудың маңызды міндеті болып табылады
3	А.К. Маркова	Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі	Кәсіби құзыреттілік когнитивтік, тұлғалық және рефлексивтік компоненттердің өзара байланысы арқылы қалыптасады	Интеллектуалдық әлеуетті дамыту үшін проблемалық тапсырмалар мен рефлексияны қолдану қажет
4	Л.С. Выготский	Интеллектуалдық дамудың мәдени-тарихи теориясы	Тұлғаның интеллектуалдық дамуы әлеуметтік орта мен оқыту процесінің ықпалымен қалыптасады	«Жақын даму аймағы» теориясы оқыту арқылы танымдық мүмкіндіктерді дамытуға негіз болады
5	Л.С. Подымова	Педагогикалық инновациялар	Инновациялық технологияларды қолдану педагогтердің кәсіби және интеллектуалдық дамуына әсер етеді	Оқыту процесіндегі инновациялар болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді

1-кестеде болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне қатысты ғалымдардың көзқарастары көрсетілген. Авторлардың зерттеу бағыты мен негізгі идеясы салыстырыла түсіндірілген.

Бастауыш сынып мұғалімі мектепте алғашқы тәлімгер бола отырып, әр баланың білім беру жолында шешуші рөл атқарады. Дәл бастауыш мектепте (1-4-сынып) балалар өздерінің оқу дағдыларының негізін қалайды. Білімге деген қызығушылықты дамытады және өздерінің қабілеттері туралы өзіндік түсінік қалыптастырады.

Бастауыш сынып мұғаліміне жүктелген міндеттердің ерекшелігі: пәнаралық байланыстарды білу және қолдану; әрбір білім алушының ерекшелігін есепке алу; инновациялық білім беру технологияларын пайдалану; және ойлау қабілеті; жеке өсу жолының басталуы.

Зияткерлік деңгейі жоғары мұғалім оқу мазмұнын терең түсіну мен ерекше түсінуді көрсетеді. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін әртүрлі оқу жоспарын шебер жасайды. Өзінің кәсібилігін үнемі жетілдіре отырып, мұғалім қабылданған педагогикалық шешімдерді сыни тұрғыдан бағалайды.

Кәсіби құзыреттілік-бұл маманға өзінің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі төрт негізгі компоненттен тұрады: мотивациялық-құндылық, мазмұнды-танымдық, белсенділік-практикалық және рефлексивті.

Кәсіби құзыреттілік зияткерлік әлеуетпен тығыз байланысты. Жоғары зияткерлік әлеуеті бар студент педагогика саласындағы терең білімдерін көрсетеді және оқытудың әртүрлі әдістерін қолданады, педагогикалық мәселелерді тиімді шешеді. Сонымен қатар білім беру процесін дамыту үшін өзіндік идеяларды қалыптастырады.

Белсенді оқыту - бұл студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыратын және олардың оқуға субъективті көзқарасын дамытуға ықпал ететін әдіс. Мұндай технологияларды қолдану зияткерлік қабілеттердің жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Проблемалық оқыту-бұл оқытудың іздеу және зерттеу тәсілін бірінші орынға қоятын педагогикалық тұжырымдама. Ол проблемалық жағдайларға толы білім беру ортасын жасайды. Ол танымдық қызығушылықты ынталандырады және студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытады.

Жобалық оқыту-бұл студенттер белгілі бір мақсатта жеке немесе топтық жобаларда жұмыс істейтін білім беру әдістемесі. Бұл тәсіл жоспарлау, ұйымдастыру, зерттеуші сияқты құзыреттерді дамытуға ықпал етеді.

Жас педагогтардың кәсіби құзыреттілігі практикалық дайындық есебінен қалыптасады. Практикалық жұмыстың мазмұны мен әдістерін жақсарту олардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Қазіргі уақытта цифрлық мүмкіндіктері бар білім беру технологиялары зияткерлік қабілеттерді дамытуда шешуші рөл атқарады. Сандық құралдар мен материалдар: ақпаратты табу, талдау және өңдеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді; көзбен ойлау қабілетін жақсартады; тәуелсіздікке тәрбиелейді; шығармашылықты кеңейтеді.

Цифрлық ресурстар электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерден бастап бейне сабақтар мен вебинарларға, сондай-ақ интерактивті тақталарға арналған бағдарламаларға дейін әртүрлі форматтарда ұсынылған.

Онлайн білім беру алаңдары (Moodle, Google Classroom), педагогикалық модельдеу, виртуалды мұражай экспозициялары.

**Қорытынды.** Қазіргі білім беру жүйесінің даму үрдісі мұғалім тұлғасына қойылатын талаптардың артуымен сипатталады. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы тек пәндік біліммен ғана шектелмей, олардың зияткерлік әлеуетінің жоғары деңгейде қалыптасуын талап етеді. Себебі бастауыш мектеп кезеңі – оқушының танымдық қызығушылығы мен ойлау қабілеттері қалыптасатын маңызды кезең. Сондықтан осы деңгейде білім беретін мұғалімдердің зияткерлік әлеуеті оқушылардың зияткерлік дамуына тікелей байланысты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуеті олардың танымдық белсенділігімен, шығармашылық ойлауымен, ақпаратты талдау және өңдеу қабілетімен, сондай-ақ кәсіби мәселелерді тиімді шешу дағдыларымен анықталады. Зияткерлік әлеует – тек табиғи қабілеттердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар білім, білік және тәжірибенің өзара байланысы арқылы дамитын күрделі тұлғалық құрылым. Ол үздіксіз білім алу, ғылыми ізденіс және кәсіби өзін-өзі жетілдіру үдерісінде қалыптасады.

Ғылыми еңбектерді талдау барысында Р.С. Немов, А.В. Петровский, Б.Г. Ананьев, В.А. Сластенин, А.К. Маркова, Л.С. Выготский және Л.С. Подымова еңбектерінде мұғалімнің дамуы білім беру процесінің мазмұнымен, әлеуметтік ортамен және педагогикалық инновациялармен тығыз байланысты екені дәлелденген. Бұл зерттеулер болашақ мұғалімдерді даярлау барысында олардың танымдық, шығармашылық және рефлексивтік қабілеттерін дамыту маңызды екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ететін бірқатар тиімді педагогикалық тәсілдер анықталды. Олардың қатарында белсенді оқыту технологиялары, проблемалық оқыту, жобалық әдіс, пәнаралық байланыстарды қолдану, ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және рефлексивті ойлауды дамыту ерекше

маңызға ие. Бұл әдістер студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, олардың сыни және шығармашылық ойлауын дамытады.

Сонымен қатар қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялардың рөлі айтарлықтай артып отыр. Электрондық білім беру ресурстары, онлайн платформалар, мультимедиялық материалдар және виртуалды білім беру ортасы болашақ мұғалімдердің ақпараттық және аналитикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сандық технологияларды тиімді пайдалану студенттердің өздігінен білім алуына, ақпаратпен жұмыс істеуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін дамыту үшін бірнеше маңызды шарттарды атап өтуге болады. Біріншіден, оқу процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану қажет. Екіншіден, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына жағдай жасау маңызды. Үшіншіден, пәнаралық байланыстарды күшейту және практикалық дайындықты жетілдіру қажет. Төртіншіден, рефлексивті ойлау мен шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталған оқу ортасын қалыптастыру қажет.

Осы аталған бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлік әлеуетін дамытуға, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Немов Р.С., Петровский А.В., Ананьев Б.Г. Интеллект пен тұлғаның дамуы психологиясы. – М.: Просвещение, 1998. – 320 б.
2. Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика: оқу құралы. – М.: Академия, 2002. – 576 б.
3. Маркова А.К. Кәсіби шеберлік психологиясы. – М.: Знание, 1996. – 308 б.
4. Выготский Л.С. Педагогикалық психология. – М.: Педагогика, 1982. – 480 б.
5. Подымова Л.С. Педагогтың инновациялық қызметі: оқу құралы. – М.: Академия, 2006. – 192 б.

**Турат Аяжан**

1 курс магистранты  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
(Алматы қ., Қазақстан)

**Ғылыми жетекші:** п.ғ.к., доцент Кожашева Г.О.

## **БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА 5–6 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

**Аңдатпа:** Білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерісі математиканы оқыту әдістемесінің мазмұнын жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Мақалада 5–6 сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарды орындау барысында математикалық ойлау қабілетін цифрлық білім беру ресурстары арқылы дамыту жолдары қарастырылады. Математикалық ойлаудың логикалық, аналитикалық және модельдеуші компоненттері цифрлық ортада қалыптастыру мүмкіндіктері нақты авторлардың еңбектеріне сүйене отырып талданады. Интерактивті платформалар мен цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігіне, ұғымдарды саналы меңгеруіне және оқу мотивациясына әсері айқындалады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері негізінде цифрлық әдістемені мектеп практикасында қолдану жолдары ұсынылады.

**Кілт сөздер:** өзіндік жұмыс, білім беруді цифрландыру, математикалық ойлау, цифрлық білім беру ресурстары, негізгі мектептің 5–6 сыныптарындағы математика, оқыту әдістемесі.

Білім беру мазмұнының цифрлық форматқа көшуі қазіргі мектептегі математика пәнінің оқытылуына сапалық жаңа талаптар қойып отыр. Негізгі мектеп кезеңінде оқушылардың математикалық ойлау қабілеті қалыптасып, логикалық пайымдау мен абстракциялау дағдылары дамиды. Осы жас ерекшелігін ескере отырып, өзіндік жұмыстарды орындау барысында математикалық ойлауды дамыту әдістемесін цифрлық құралдармен ұштастыру оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық орта оқушыны пассивті қабылдаушы емес, белсенді әрекет етуші субъект ретінде қалыптастырады, бұл математика пәнінің табиғатына толық сәйкес келеді.

К. Ж. Назарова, Г. Е. Кумисбаева және Е. Т. Балкибаев «Математика элементтерін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі» атты еңбегінде цифрлық платформалардың өзіндік жұмыстарды орындауда математикалық ойлауды дамытудағы маңызын нақты дәлелдермен көрсетеді. Авторлар «цифрлық білім беру ресурстарын интерактивті әдістермен үйлестіре қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын меңгеру сапасын жоғарылатады» деп атап көрсетеді [1, 49]. Бұл тұжырым 5–6 сынып оқушылары үшін аса өзекті, себебі аталған жаста көрнекілік пен әрекет арқылы ойлау басым келеді. Авторлар Nearpod, Kahoot, GeoGebra және LearningApps секілді цифрлық құралдарды пайдалану оқушылардың логикалық байланыстарды өз бетінше анықтауына мүмкіндік беретінін атап өтеді. Осы еңбекте

цифрлық ресурстар өзіндік жұмыстардың тек нәтижесіне емес, логикалық ойлаудың қалыптасу процесіне ықпал ететіні нақты көрсетілген.

Бұл деректер білім беру үдерісін талдауға, оқыту әдістерінің тиімділігін бағалауға және дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізуге негіз болады. Сонымен қатар, алынған мәліметтер әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды дараландыруға және өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Осы тұрғыда 5–6 сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарын цифрлық ортада ұйымдастыру олардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдерді жетілдіруді талап етеді. Нәтижесінде, білім алушылардың логикалық ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуы қамтамасыз етіледі.

Академик Е.А. Бөкетовтің 100 жылдығына арналған «Цифрлық трансформация: Қазақстанның педагогикалық білім беру жүйесіндегі ұлттық дәстүрлер мен инновациялар» атты жинақта цифрлық оқытудың педагогикалық әлеуеті кеңінен талданады. Соның бірі «Оқыту процесінде жасанды интеллектіні қолданудың психологиялық жақтары» атты еңбекте Әмірова Б.Ә «цифрлық технологияларды қолдану оқыту мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, оқушылардың ойлау әрекетін ұйымдастырудың жаңа формаларын қалыптастырады» деген тұжырым жасаған [3, 76]. Бұл пікір 5–6 сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарды орындау барысында математикалық ойлауын дамыту үшін цифрлық әдістеменің құрылымдық негізін айқындайды. Жинақ авторлары цифрлық тапсырмалар оқушыларды тек есеп шығаруға емес, есептің мағынасын түсінуге және шешу жолын модельдеуге бағыттайтынын атап өтеді.


G. Taukebayeva мен E. Bakirova цифрлық технологиялардың математика пәнін оқытудағы әсерін эмпирикалық деректермен негіздейді. Авторлар «digital tools enhance students' logical reasoning and problem-solving skills by providing interactive and visual learning environments» деп жазады [5, 191]. Бұл тұжырым 5–6 сынып оқушылары үшін цифрлық әдістеменің тиімділігін халықаралық деңгейде дәлелдейді. Мақалада цифрлық тапсырмалар арқылы оқушылардың математикалық ұғымдарды тереңірек түсінетіні және есеп шығару барысында логикалық байланыстарды саналы түрде қолданатыны көрсетілген.

Жоғарыда талданған еңбектерді мазмұндық және әдістемелік тұрғыда жүйелей отырып, 5–6 сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарды орындау барысында математикалық ойлау қабілетін дамыту үдерісі цифрлық білім беру ресурстарына сүйенуі заңды әрі қажетті екені анық байқалады. Бұл жас кезеңінде оқушылардың ойлау әрекеті нақты бейнелерге, көрнекілікке және әрекет арқылы түсінуге негізделетіндіктен, дәстүрлі түсіндіру мен жаттығуларға қарағанда цифрлық орта әлдеқайда нәтижелі ықпал етеді. Цифрлық ресурстар математикалық ұғымдарды абстрактілі деңгейден нақты модельдер арқылы ұсынуға мүмкіндік беріп, оқушылардың ойлау операцияларын біртіндеп күрделендіруге жағдай жасайды. Мұндай ортада оқушы тек дайын ақпаратты қабылдамай, оны зерттеп, салыстырып, талдап, қорытынды жасау арқылы меңгереді, ал бұл математикалық ойлаудың басты көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Практикалық тұрғыда математикалық ойлауды дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстар математика сабақтарында интерактивті тапсырмаларды жүйелі әрі мақсатты қолдану арқылы жүзеге асады. Интерактивті тапсырмалар оқушыларды есептің шешімін іздеуге, әртүрлі амалдарды салыстыруға және өз шешімін дәлелдеуге үйретеді. Мұндай тапсырмаларда қатені түзету жазалау құралы емес, керісінше ойлауды жетілдіру тетігі


ретінде көрініс табады. Себебі цифрлық ортада оқушы өз қатесін бірден байқап, оны түзетуге мүмкіндік алады, бұл рефлексиялық ойлаудың қалыптасуына оң әсер етеді. Осы арқылы оқушыда математикалық ойлаудың маңызды құрамдас бөлігі саналатын өзін-өзі бақылау және бағалау дағдылары дамиды. Мысалы, мектеп бағдарламасының 5-сынып математикасында «Бөлшектер» тарауын оқытуда цифрлық визуализация құралдарын пайдалану бөлшек ұғымын формула деңгейінде емес, нақты модельдер арқылы түсінуге жол ашады. Төменде көрсетілген «Desmos» (<https://www.desmos.com/calculator?lang=ru>) атты өзіндік жұмысқа тапсырма беретін жасанды интеллектінің көмегімен дөңгелек немесе тіктұрғыштың тең бірнеше бөліктерге бөлінуі, олардың боялуы немесе қозғалыс арқылы өзгеруі оқушының бөлшек туралы түсінігін тереңдетеді.

Шеңбер түріндегі модельде бүтін бірлік тең бөліктерге бөлініп, боялған секторлар арқылы бөлшектің алымы, ал барлық бөліктер саны арқылы бөлімі көрсетіледі. Бұл тәсіл оқушыларға бөлшекті бүтіннің белгілі бір бөлігі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді және олардың көрнекі-бейнелік ойлауын дамытады(1 -сурет).



1-сурет. Шеңбер түріндегі модель

Ал, бүтін тіктұрғыш тең бөліктерге бөлініп, боялған бөліктер арқылы бөлшек мәні нақты көрсетіледі. Мысалы, алты тең бөлікке бөлінген тіктұрғыштың бес бөлігі боялған жағдайда  $\frac{5}{6}$  бөлшегі алынады. Бұл модель бөлшектерді салыстыру, қосу және азайту амалдарын түсіндіруде тиімді құрал болып табылады(2-сурет).



2-сурет. Тіктұрғыш түріндегі модель

Екі модельде де интерактивті «+» және «-» батырмалары қарастырылған, олардың көмегімен оқушылар бөлшектің динамикалық өзгерісін бақылай алады. «+» батырмасы боялған бөліктер санын арттырып, бөлшектің алымын ұлғайтады, ал «-» батырмасы керісінше алымды азайтады. Бұл процесте бөлім тұрақты болып қалады, яғни бүтіннің тең бөліктерге бөлінуі өзгермейді.

Аталған көрнекі және интерактивті тәсілдер оқушылардың бөлшек ұғымын тек формальды түрде емес, мазмұндық және логикалық тұрғыдан түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл модельдер оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Геометриялық тақырыптарды меңгеруде динамикалық бағдарламалар арқылы фигуралардың өзгерісін бақылау кеңістіктік ойлауды дамытуда ерекше рөл атқарады. Фигураның қабырғасын немесе бұрышын өзгерту арқылы оның қасиеттерінің қалай өзгеретінін көру оқушыға геометриялық заңдылықтарды жаттап алудан гөрі, олардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс барысында оқушы бақылау, болжам жасау және дәлелдеу әрекеттерін қатар жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде математикалық ойлаудың логикалық және аналитикалық компоненттерін дамытады.

Сонымен қатар кеңістіктік ойлаудың дамуы тек геометрия үшін ғана емес, жалпы математикалық есептерді шешуде де маңызды рөл атқарады. Цифрлық әдістеменің тағы бір маңызды қыры – оқыту үдерісін дараландыру мүмкіндігі. Цифрлық платформалар әр оқушының оқу қарқыны мен деңгейіне сәйкес өзіндік жұмыстарды ұсынуға жағдай жасайды. Бұл 5–6 сынып оқушылары арасында жиі байқалатын білім деңгейінің әркелкілігін ескеруге мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар тапсырманы тез орындап, күрделірек деңгейге көше алса, енді біреулері материалды қайта қарап, қосымша визуализация арқылы бекіте алады. Мұндай тәсіл оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындауда математикалық ойлауын бірізді қалыптастырып, әлсіз оқушылардың да логикалық ойлау қабілетін біртіндеп дамытуға жағдай жасайды. Осылайша цифрлық білім беру ресурстарына негізделген әдістеме 5–6 сынып оқушыларының математикалық ойлау қабілетін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Интерактивтілік, көрнекілік және динамикалық модельдеу арқылы оқушылардың логикалық, аналитикалық және кеңістіктік ойлауы қатар дамып, математиканы саналы меңгеруге негіз қаланады. Мұндай әдістеме қазіргі білім беру талаптарына сай келіп қана қоймай, оқушыларды болашақта күрделі математикалық білімді меңгеруге дайындайтын тиімді құрал ретінде айқындалады.

Зерттеу нәтижелерін кешенді талдау, цифрлық әдістемені жүйелі қолдану оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындау барысында белсенділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді. Цифрлық ортада ұйымдастырылған оқу әрекеті оқушыны тек тыңдаушы рөлінде қалдырмай, оны тапсырманың мазмұнын талдауға, шешім қабылдауға және өз әрекетінің нәтижесін бағалауға итермелейді. Мұндай жағдайда оқушылар өзіндік жұмыста берілген есепті орындау барысында бір-бірімен салыстырып, өз ойлау жолдарын нақтылауға ұмтылады, бұл математикалық ойлаудың логикалық, аналитикалық және құрылымдық компоненттерінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Сабақтың интерактивті форматы оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың математикалық әрекетке эмоционалдық тұрғыда тартылуын қамтамасыз етеді, ал бұл білімді тұрақты меңгерудің маңызды алғышарты болып табылады.

Практика барысында өзіндік жұмыстарды орындағанда цифрлық тапсырмаларды қолдану-оқушылардың өз қателіктерін дер кезінде байқауына және оларды түзету жолдарын іздеуіне мүмкіндік береді. Цифрлық платформаларда өзіндік жұмыстың орындалу нәтижесі бірден көрінетіндіктен, оқушы өз шешімінің дұрыстығын немесе қателігін анықтай алады. Бұл үдеріс қателікті сыртқы бақылау арқылы емес, ішкі түсіну арқылы қабылдауға жағдай жасап, рефлексиялық ойлаудың қалыптасуына ықпал етеді.

Оқушы қате жауапты кездейсоқ сәтсіздік ретінде емес, ойлау процесінің бір бөлігі ретінде қабылдап, оның себебін талдауға дағдыланады. Осылайша оқушының өзіндік жұмыстарды орындағанда математикалық ойлауы тереңдеп, есепті шешудің әртүрлі тәсілдерін салыстыру дағдысы дамиды.

Цифрлық әдістеменің маңызды нәтижелерінің бірі ретінде оқу үдерісін басқарудың тиімділігін атап өтуге болады. Мұғалім үшін цифрлық құралдар оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындау барысын нақты бақылауға, олардың жиі жіберетін қателіктерін анықтауға және оқу материалын меңгеру деңгейін жедел бағалауға мүмкіндік береді. Әр оқушының жеке нәтижелері көрініп тұрған жағдайда, мұғалім оқу мазмұнын дер кезінде түзетіп, қосымша тапсырмалар ұсыну арқылы оқытуды дараландыра алады. Бұл тәсіл оқушылардың даму динамикасын үздіксіз бақылауға жағдай жасап, математикалық ойлаудың біртіндеп әрі тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар цифрлық әдістеме арқылы алынған деректер оқушылардың оқу жетістіктерін ұзақ мерзімді тұрғыда талдауға мүмкіндік береді. Белгілі бір уақыт аралығында жиналған нәтижелерді салыстыру арқылы оқушының логикалық пайымдау қабілетінің, есеп шығару шапшаңдығының және дәлелдеу дағдысының қалай өзгергенін көруге болады. Мұндай талдау математикалық ойлауды дамытуда қолданылатын әдістердің тиімділігін бағалауға және оларды жетілдіруге негіз болады. Нәтижесінде цифрлық әдістемені қолдану оқушылардың оқу белсенділігін арттырып қана қоймай, математика пәнін меңгерудің сапасын жаңа деңгейге көтеретін маңызды құрал ретінде айқындалады.

Қорытындылай келе, білім беруді цифрландыру жағдайында 5–6 сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарды орындағанда математикалық ойлау қабілетін дамыту цифрлық ресурстарды ғылыми негізде қолдануға сүйенуі тиіс. Цифрлық құралдар математикалық ойлауды дамытудың тиімді ортасын қалыптастырып, оқушылардың логикалық, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Назарова К. Ж., Кумисбаева Г. Е., Балкибаев Е. Т. Математика элементтерін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі // Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары. – 2022. – № 1(20). – Б. 43–55. <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/news/article/view/841>

2. Цифрлық трансформация: Қазақстанның педагогикалық білім беру жүйесіндегі ұлттық дәстүрлер мен инновациялар. – Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2025. – 317 б. <https://rep.ksu.kz/handle/data/21564>

3. The Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2024. – № 5(411). – Алматы. <https://www.journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/issue/view/377>

4. Taukebayeva G., Bakirova E. The Impact of the Use of Digital Technologies in Teaching Mathematics at School // Eurasian Science Review. – 2024. – Vol. 2, No. 3. – P. 187–197. <https://www.eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/72>



**Марат Саламат Саматұлы**

2 курс магистранты  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
(Ақтөбе қ. Қазақстан)

**Бекешев Амирбек Зарлыкович**

ф-м ғ.к, қауымдастырылған профессор,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
(Ақтөбе қ., Қазақстан)

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ АІ КӨМЕКШІЛЕРІ: ФИЗИКА ПӘНІНЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН МЕКТЕП ЛАБОРОТОРИЯСЫН БІРІКТІРУ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа:** Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрлық жасанды интеллект жылы деп жариялап, «цифрлы мемлекет» болуымыз керек екенің атап өтті. Егер мектеп физика, химия, биология пәндерінен жабдықталмаса, мұғалімге виртуалды лабароториялық программалар көмекке келеді. Физика пәнінен 7 сыныпта механика, тығыздық, күш моменті тақырыптарына; 8 сыныпта температура, жылу, электр тізбегі магнит тақырыбына зертханалық орындаулар бар. 9 сыныпта механика, тербелістер тақырыбында лабароториялық жұмыстарды виртуалды құрылғылармен орындауға болады. Осы виртуалды орындаулар 2d PhET Interactive Simulations программасы арқылы (біртіндеп цилиндрлер, динамометрлер, резисторлар) схемалық көрінісін және параметрлерді (салмақ, кедергі, көлбеу бұрышы) сырғытпаларды пайдалану арқылы немесе 3d L-Micro, Nobook қосымшалары арқылы сөреден аспаптарды алып, сымдарды жалғап, шынайы аспаптардағы көрсеткіштерді қарайды.

Қолжетімді жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының пайда болуы виртуалды зертханалардың эволюциясы үшін жаңа көкжиектер ашады. ЖИ интеграциясы қарапайым құралдарды модельдеуден жеке тәлімгер ретінде әрекет ете алатын, студенттердің эксперименттік ілгерілеуін талдай алатын, ықтимал қателіктерді болжай алатын және зертханалық жұмыстың қиындығын жекешелендіре алатын интеллектуалды репетиторлық жүйелерді құруға көшуге мүмкіндік береді. «Қолжетімді LLM (GPT, DeepSeek, YandexGPT, GigaChat) болуы виртуалды зертханада табиғи тілдік өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушы: «Неліктен амперметр нөлді көрсетеді?» деп сұрай алады, ал жүйе олар құрған тізбектің мәнмәтінін біле отырып, олардың жасы мен дағдылар деңгейіне бейімделген түсініктеме жасайды. Бұл кері байланыстың сипатын түбегейлі өзгертеді: ол сигнал беруден гөрі әңгімелесушілікке айналады.

**Кілт сөздер:** жасанды интеллект (AI), виртуалды зертхана, физика пәнін оқыту, интерактивті модельдеу, білім беру технологиялары

**Кіріспе:** Жасанды интеллект технологияларына негізделген, студенттердің практикалық дағдыларын автоматты түрде бағалайтын және оларға жеке кері байланыс

беретін виртуалды физика зертханасының прототипін әзірлеу және енгізу. Жасанды интеллект жүйесі оқушылардың ілгерілеуін бақылайды және олардың әлсіз жақтарын дәл анықтайды. Ол жауаптың дұрыстығын ғана емес, сонымен қатар шешім қабылдау процесін де талдайды: формулаларды таңдау, пайымдау логикасы және уақытты басқару. Осы талдау негізінде мұғалім жылдамдық пен үдеу арасындағы айырмашылық сияқты күрделі тақырыптар бойынша жиі кездесетін қателіктер мен қате түсініктерді анықтай алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект физика есептерінің шешімдерін автоматты түрде тексереді, өлшем бірліктерінің (өлшемді талдау), векторлардың бағытының және күш диаграммасының (Еркін дене диаграммасы) дұрыстығын тексереді, мұғалімге нәтижелер мен ұсыныстарды жедел ұсынады.

Зерттеудің міндеттері:

Виртуалды зертханалар – бұл компьютерлік модельдеу арқылы физикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін интерактивті оқу ортасы. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай орталар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, күрделі ұғымдарды визуализациялау арқылы түсінуді жеңілдетеді.

Жасанды интеллекттің білім берудегі қолданылуы білім аналитикасы (learning analytics) және бейімделген оқыту (adaptive learning) тұжырымдамаларына негізделеді. ЖИ жүйелері үлкен деректерді өңдеу арқылы оқушының оқу траекториясын талдап, жеке ұсыныстар бере алады.

Соңғы жылдары ірі тілдік модельдердің (LLM) дамуы білім беру жүйесінде жаңа бағыт – табиғи тілдік интерфейстерді енгізуге мүмкіндік берді. Бұл оқушылар мен цифрлық жүйелер арасындағы өзара әрекеттесуді жеңілдетіп, оқыту процесін интерактивті етеді.

Жасанды интеллект физика есептерін міндетті түрде кезең-кезеңмен талдау арқылы шешеді, әрбір қадамның физикалық мағынасын ашады. Жүйе формулаларды таңдауды негіздейді (әсіресе 7-8 сынып деңгейінде), шешімді логикалық ретті қадамдарға бөледі және қателерді автоматты түрде анықтайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект дайын жауап берумен шектелмейді; ол оқушылардың ойлау процесінің өзін түсінуін дамытады, аналитикалық дағдылар мен ғылыми ойлау тәсілін дамытуға ықпал етеді.[1]

PhET интерактивті модельдеулері (AI элементтерімен), Runway, Midjourney, Nobook (физикалық модельдерді визуалды түрде көрсету үшін) платформаларын қолданып WolframAlpha немесе ChatGPT құралдарымен біріктіруге болады. Жасанды интеллект білім беру үдерісінде көпфункционалды құрал ретінде қолданылып, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Ол «жеке репетитор» рөлін атқарып, дайын жауапты ғана ұсынбай, есептің логикалық шешу жолын кезең-кезеңімен түсіндіреді, формулалардың шығу негізін талдауға көмектеседі және қателерді анықтайды. Мұндай тәсіл оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған: мысалы, оларға ИИ ұсынған шешімдегі қателерді табу немесе формуланы бірге талдау тапсырмалары беріледі.

Сонымен қатар, жасанды интеллект оқушылардың деңгейлік ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды саралап құрастыруға мүмкіндік береді. Бір тақырып аясында (мысалы, «Ньютон заңдары») әртүрлі күрделілік деңгейіндегі (A, B, C) есептерді жылдам дайындау арқылы мұғалімнің уақытын үнемдейді және оқытуды жекешелендіреді.


Бағалау және кері байланыс беру үдерісінде де ИИ маңызды рөл атқарады, ол оқушылардың жауаптарын жедел талдап, қиындық туындайтын тақырыптарды анықтайды.

Сынып: 7-сынып.

Бөлім: "Денелердің өзара әрекеттесуі".

Тақырыбы: " №4 зертханалық жұмыс. «Серпімді деформацияларды зерделеу»"

Оқу мақсаты: 7.2.2.4-серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен катандық коэффициентін анықтау.



Сурет 1. Phet colorado сайтынан алынған лабораториялық жұмыс.

Ұсынылған браузерге негізделген симулятор әртүрлі жүктер ілінген серіппелі деформацияның көрінісін көруге болады. Осы әртүрлі жүктердің шамасын әр балаға жасанды интеллектпен генерация жасауға болады.


Сынып: 8-сынып

Бөлім: Тұрақты электр тогы

Тақырыбы: №3 зертханалық жұмыс. Электр тізбегін жинау және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күші мен кернеуін өлшеу.

Оқу мақсаты: 8.4.2.4.-электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау;

Бұл бөлімде оқушылар электр тізбегін жинайды, берілген есепті шығарады. Оқушылар ток күші мен кернеу арасындағы тәуелділікті анықтайды және олардың физикалық мағынасын түсінеді. Сонымен қатар, өлшеу құралдарын дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады.



Сурет 2. Nobook қосымшасының виртуалды лабораториясы.

